

Жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялау туралы

Ақмола облысы Астрахан ауданы әкімінің 2025 жылғы 11 сәуірдегі № 3 шешімі

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 33-бабы 1- тармағының 13) тармақшасына, "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 48-бабына, "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасын белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің міндетін атқарушысының 2023 жылғы 10 мамырдағы № 240 бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32469 болып тіркелді), Астрахан ауданы бойынша төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі аудандық аумақтық комиссияның кезектен тыс отырысының 2025 жылғы 9 сәуірдегі № 4 хаттамасы негізінде, Астрахан ауданының әкімі, ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Астрахан ауданының аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.

2. Табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жою басшысы болып Астрахан ауданы әкімінің орынбасары Р.Ж.Мұқанов тағайындалсын және табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жоюға бағытталған іс-шараларды жүргізуді тапсырсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ауданы әкімі

Т.Ерсейітов